

## МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ТҮРІК ТІЛШЕ АУДАРЫЛУЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР

*Халдун Вурал*

*С. Демирел атындағы университет*

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романы арқылы өзінің абырой-атағын асқақтатып қана қоймай, қазақ халқының ұлттық болмысын, күллі түркі дүниесінің ортақ мәдениетін бүкіл әлемге танытты. Өйткені, роман желісінен тек бір ұлтқа ғана емес, түп-тамыры Орталық Азиядан тараған, кезінде көшпелі мәдениеттің өркендеуіне үлес қосқан талай тайпалардың атадан балаға мирас болып келген ортақ тарихи жолының ізін аңғаруға болады. Сондықтан да күллі түркі әлемі заңғар жазушының ұлы шығармасынан өздерінің ата-бабаларының ұстанған салт-дәстүрі мен мінез-құлқын танығандай болады. Түркі жұртына ешқандай қатысы жоқ, тілі мен түрі басқа Бенжамин Матип романды оқып «қазақ неткен ғажайып халық» деп тамсанса, орыс Константин Федин «өзінің қалай қазақ болып кеткенін білмей қалса», шыққан түбі мен тілі бір туысқан халықтардың ол шығармадан өздерінің өткені мен бүгінгі бітімін салыстыра іздеуі-заңдылық. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы-бір ғана қазақтың ғана емес, тек түркі жұртының ғана емес – бүкіл адамзат мәдениетіне қосылған үлкен рухани қазына.

Бір тектен тараған ұрпақ болсақ та түрік пен қазақ-бүгінде іргесі бөлек тәуелсіз екі ел, тілі мен салт-дәстүрлеріне біршама өзгерістер енген екі бөлек жұрт. Сондықтан да бір-бірінің рухани мұраларын қазір аударма арқылы түсінеді. Аударманың екі халықты жақындастыруда үлкен рөл атқарып отырғаны рас. Тәржімаланған шығармалардың қоғамдық мәні туралы орыс ғалымы Л.Латышев былай дейді «Көп ойланбастан жауап беруге болады, аударма-әрдайым ортақ тілді меңгермеген адамдар арасында ортаға шыққан қажеттілікті қанағаттандырып отырады. Басқаша айтқанда бұл - адамдардың лингвистикалық барьермен бөлінуі» (1.7). Әрине, біз сөз етіп отырған екі тілдің арасында да қанша жерден жақын десек те «лингвистикалық кедергілердің» бар екені рас. Бір-бірімізді жақынырақ ұғып, тереңдей түсіну үшін мәдениетіміз бен әдебиетімізге қатысты көптеген дүниелерді болашақта бір тілден екінші тілге көптеп аударуға тура келеді. Бұл ғибраты мен қиыншылығы мол жұмыстың алды басталып та кетті. Мәселен қазақтың ұлы ақын-жазушыларының бірталайының шығармалары түрік тіліне аударылып та жатыр. Абай Құнанбайұлы, Жамбыл Жабайұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Мұхтар Әуезов сияқты т.б. қазақ қаламгерлері түрік оқырмандарына таныс деп айта аламыз.

Солардың ішіндегі ең көлемдісі де, прозаны сүйіп оқитын қалың қауым үшін қызықтысы да М.Әуезовтің «Абай жолы» романы болып саналады. Ал аталған романның қазақ тілінен тікелей басқа тілдерге аударылғаны саусақпен санарлық қана. Соның бірі - оның түрік тіліне аударылуы. Түпнұсқадан тәржімалаған ұлты қазақ Түркия ғалымы Зейнеш Исмайл мен Ахмет Гүнгөр. Аударманың түпнұсқасы ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясының 1989 жылы «Жазушы» баспасынан қазақ тілінде шыққан екі томдығы алынған. Соның бірінші кітабы ғана толығымен түрікшеге тәржімаланған. Яки, аудару ісі әлі күнге дейін толық аяқталмаған.

Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген «Абай энциклопедиясында» М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған» (2.43) деген дерек бар. Бұл 1993 жылғы, яғни осыдан он екі жыл бұрынғы мәлімет. Түрік ғалымы Емел Аша 1997 жылы жарық көрген «Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» романының тәржімелері және библиографиялық көрсеткіштері» деген еңбегінде аталған шығарманың орыс тілімен қоса 25 тілге аударылғанын атап көрсетіп, тізімін келтіреді (3.57). Ал Халықаралық Ахмет Иассауи қорының интернет сайтында (электронды басылымында) 72 тілге аударылған деген ақпаратты кездестірдік (4. ). Қазақ әдебиеттануында библиографиямен жүйелі айналысып жүрген ғалым Ә.Нарымбетов 2005 жылдың 6-шы қазанында жарық көрген «Мұхтар Әуезовті қудалаған кім?» деген мақаласында “«Абай жолы» романы әлемнің 111 тіліне аударылды”- (5.13) деп, «Алматы ақшамы» газетінің 2005 жылғы 13 тамыздағы нөміріне сілтеме жасайды. Сонда «Абай жолы» романы неше тілге аударылған? Бұл әрине әуезовтанушылардың алдағы уақытта анықтауға тиісті үлкен міндеттерінің бірі. Қалай десек те, қазақ әдебиетінде шет тіліне ең көп аударылған шығарма «Абай жолы» романы болуға тиіс. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының 1995 жылы өткен 150 жылдық, Мұхтар Әуезовтің 1997 жылы өткен 100 жылдық мерейтойлары кезінде де бұл романның тағы да бірнеше тілдерге аударылғаны есепке алынбаған сияқты.

Бірақ сол аудармалардың көбі кезіндегі көпір тіл орыс тілі арқылы басқа тілдерге аударылып отырған. Әрине романның орыс тіліндегі аудармасы нашар еді деп айта алмаймыз. Өйткені оған орыс тілі мен қазақ тілін жетік білетін белгілі ғалым Темірғали Нұртазин мен шығарма авторы Мұхтар Әуезовтің өзі тікелей араласқан. Яғни, роман орыс тіліне өз бойындағы бар нәрі мен сәнін сақтай отырып тәржімаланған. Солай дей тұрғанмен де, білікті зерттеушілердің айтуынша әдет -ғұрпы, салт-дәстүрі, ұлттық пайымдау ерекшеліктері екі түрлі халықтың «Абай жолы» сияқты күрделі тарихи туындыны бірдей ұғынуы, аударғанда сол күйінде жеткізуі мүмкін емес дегенге саяды. Өйткені қандай шебер аудармашы аударса да

өзге жұрттың бөлек таным-түсінігінің, керек болса ұлттық мінез ерекшелігінің ара жігі айқын аңғарылып тұрады. Сондықтан да кейде бір сөзбен берілген бір ұғымның өзін бірнеше сөйлеммен тәптіштеп түсіндіріп жатуға тура келеді, кейде шағын сюжеттік желілер мүлдем түсіп қалып жатады. Жоғарыда біз сөз еткен орыс ғалымы Л.Латышев өзінің аударма теориясы туралы еңбегінде: «Аударманың қоғамдық талаптары өз бейнесін табуы тиіс. Әдет-ғұрыптық талаптар мен мәтін аудармасы түп нұсқада қалай қабылданса, аударма да солай қабылдануы керек. Егер аудармашы сол тілді жақсы меңгерсе, аударма да түп нұсқадай оқылады. Сондай-ақ, бұл жерде айтылатын ой, мәтін аудармасы тілдік тұрғыдан басқа тілден аударылғаны байқалмауы керек». (1.10) деген кесімді пікір айтады. Біздіңше ғалым пікірін дұрыс деп қабылдай қою қиын. Өйткені ағылшын және француздың кейбір ғалымдары мұндай пікірлермен келіспейтіндіктерін талай рет айтып та жазып та жүр. Олар көркем шығарманың екінші тілге аударылғанда ұлттық сипатының айқындалып, даралана көрінетінін, сондықтан оның тәржімаланған шығарма екендігін кез келген оқырманның байқайтынын тілге дәйек етеді. Сонымен қатар олар бір шағын мәтінді бірінен соң біріне он тілге қатар аударып тәжірибе жасап та көрген. Сонда мәтіннің мазмұны алғашқы нұсқасынан мүлдем өзгеріп кеткендігін аңғарған. Осыған қарап «Абай жолын» орыс тілі арқылы үшінші тілге аударғанда қандай күйге ұшырайтынын өздеріңіз бағамдай беріңіздер.

Әрбір тілдің, кейде тілдік топтардың өзіндік ерекшеліктері де шығарманы тәржімалауда айтарлықтай кедергі келтіретіні барша жұртқа белгілі. Мысалы ешқандай текке (род) бөлінбейтін, қаншама қосымша жалғанса да өзінің түбірін сол күйінде сақтайтын түркі тілдері бірінен біріне аударғанда көбіне кейбір сөздер ғана емес, сөйлемдердің синтаксистік заңдылықтары да сақталып, автордың айтқысы келген ойы көп бұрмаланбай жетеді. Ал тілдік жүйесі басқа халықтардың тіліне аударылғанда керісінше негізгі мазмұнды жеткізуге тырысқанымен де аудармашы бәрібір сол тілдің заңдылықтарын қатаң сақтауға мәжбүр болады. Мысалы, кез келген түрікше немесе қазақша мәтінді орыс тіліне аударғанда славян тілінің заңдылықтарына сәйкес баяндауыш сөйлемнің басына, бастауыш сөйлемнің аяғына қарай ауысып кетеді. Бұл аударғанда түпнұсқа тілдегі ойдың қалай болғанда да өзгеріске түсетінін аңғартады. Ал қазақ тілі мен түрік тілі туыстас тіл болғандықтан көп жағдайда сөзбе сөз аударылып отырады. Айтылатын ой да тұтас күйінде өзгеріссіз тәржімаланады. Әрине, бұған қарап туыстас тілдер арасындағы аударма жұмысы оңай екен деген ой тұмауы керек. Оның да әлі күнге шейін шешілмей келе жатқан мәселелері баршылық.

Қазақшадан түрікшеге аударылған “Абай жолы” романының сюжеттік желісі мен композициялық құрылымы түгелдей өз бітімін сақтаған. Бұл оның жетістігі деп айта аламыз. Бірақ көркемдік жағынан келгенде түпнұсқадан әлдеқайда төмен екені рас. Тіліміз бен діліміз жақын болғандықтан қазіргісінен әлдеқайда сапалы етіп аударуға болар еді. Яғни, тәржімашылар «Абай жолын» қазақ тіліндегідей көркем сөйлете алмаған. Оған себеп біріншіден, көлемді шығарманың жедел, асығыс аударылғаны болса, екіншіден, аудармашылардың кәсіпқой қаламгерлер еместігі де біршама әсер еткен.

Тағы бір атап өтетін нәрсе аудармашы З.Исмайл мырза романның түрікше басылымына жиырма беттік алғысөз жазады да, астына өз аты-жөнін жазып қояды. Бірақ аталған алғысөз түгелдей дерлік академик Зейнолла Қабдоловтың Алматыдағы «Жазушы» баспасынан 1988 жылы жарық көрген «Арна» кітабынан алынған. Оны мына салыстырудан да байқауға болады. З.Қабдоловта «Абай жолы» - Әуезовтің бас кітабы. Ол өзінің осынау ұлы шығармасын жазып үлгіріп кетті. Оның суреткер ретіндегі бақыты да осында еді», (6.74) деген жолдар З.Исмайлдың жазуында “ «Abay Yolu» Muhtar Awezov'un baş kitabidir. Awezov, planladığı büyük eserlerini tamamlayarak bu dünyadan ayrılmıştır. Onun, bir yazar olarak amacına ulaşmanın mutluluğunu yaşadığı muhakkaktır.”(7.7) –деп берілген. Бұл бір ғана мысал, ал бетпе-бет салыстырсаңыз барлығын да «Арнадан» табатыныңызға куәлік беруге болады. Біз, әрине, З.Исмайлдың еңбегін жоққа шығарғалы отырған жоқпыз, бірақ өзге автордың сөзін тырнақшаға алып көрсетіп, ғылыми этиканы сақтағаны орынды болар еді деген ойдамыз.

Қанша жерден туыс халықтар десек те арадағы байланыстарының үзілгеніне талай ғасыр уақыт өткендіктен түрік пен қазақ тілдерінде де өзіндік ерекшеліктер қалыптасқан. Оған әр халықтың сол кезден бері өмір сүрген ортасы, саяси-экономикалық жүйесі, түріктердің көшпелі өмірден қол үзіп, отырықшылыққа бүтіндей бейімделіп кетуі, көрші халықтардың сөздерін сіңіріп алып, кейбір ескі сөздерді ұмытуы да жатады. Әсіресе романдағы қазақтарға орыс тілі арқылы енген сөздерді еркін түсіну түрік оқырмандарына біршама қиындау тиеді. Мысалы, «уездъ», «болыс», «урядник», «ояз», «съезд», «майыр», «старшын» т.б. сөздер-түрік халқы үшін мүлдем жат ұғымдар. Сонымен қатар қазақ тіліндегі құс атаулары: «бүркіт», «ақиық», «лашын», «қыран» т.б.; қазіргі түрік жерінде өсе бермейтін шөп атаулары: «селеу», «изен», «көде», «тобылғы» т.б.; қазақша мал атаулары: «құлын», «тай», «құнан», «дөнен», «төбел», «қасқа», «бота», «тайлақ», «бура», «нар», «торпақ» т.б. және сөйлемдердің күрделі синтаксистік орамдары түрік тіліне еркін аударыла бермейді. Ондай сөздердің бәріне «Абай жолының» түрікше аудармасында тиісті түсініктемелер беріліп отырған. Түбі бір халық болғандықтан қазіргі

қазақ тіліндегі кейбір сөздер түрік тілінің әдеби тілінде болмағанымен жергілікті диалектілерінде әлі күнге дейін сақталып келеді. Бірақ жалпы халық түсіне бермейді. Ондай сөздерді роман аудармасында талғаусыз пайдаланғандықтан сөйлемдердің мағыналары солғындап, жазушының сөзбен салған әсем суреттері өзінің көркемдік бояуынан айырылып қалған. Өйткені екі халықтың тілінде де әлі күнге дейін қолданыста жүрген кейбір сөздердің мағыналары уақыт тезіне түсіп, біршама өзгерістерге ұшыраған немесе мүлдем кері мағынаға ие болып кеткен.

М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының түрік тілінде жарық көруіне орай Қырыққала университетінің профессоры Мұстафа Уғырлы «Түрік тілдері арасындағы аударма мәселелері және «Абай жолы» романы» (8.59) деген көлемді мақала жазып, онда аударманың жетістіктерімен қоса кейбір қателіктеріне де жүйелі түрде тоқталып өтеді. Ғалым негізінен шығарманы аударуда тәржімашылар жіберген үш түрлі кемшілікті атай келіп, біріншіден, (лексикалық) кейбір сөз мағыналарының сәйкеспейтінін, екіншіден, түрік тілінің морфологиялық заңдылықтарының дұрыс сақталынбағанын, үшіншіден, түрік тіліндегі сөз тіркестері мен сөйлемдердің (синтаксистік) қазақ тілінің ыңғайына қарай орынсыз бұрмаланғандығын атап көрсетеді. Мұндай кешіліктерді түрік тілін еркін меңгерген кез келген көзі қарақты оқырманның байқамауы мүмкін емес. Мәселен, күллі қазақ оқырманына таныс «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды» (7.4) деп басталатын алғашқы сөйлемнің өзін аудармашы шамасы жетпегендіктен екі сөйлемге бөліп аударған. Онан кейінгі сөйлемдегі «қорықтан» деген сөзді де түрікшеге аудармастан сол күйі пайдаланған. Яғни, ол сөздің мағынасын түптеп зерттеп, байыптамаған. Ал келесі «Күнұзын аттан да түспей, өзге қашықтықты білдіретін «оқ бойы» деген тұрақты тіркесті мүлдем тастап кеткен. Түрік тілінде дәл осындай ұғымды беретін жеке сөздер де, тұрақты сөз тіркестері де жеткілікті. Егер түрік тіліндегі «Абай жолы» романын қазақша нұсқасымен әр бетін салыстыра тексеретін болсақ, тәржімашылар тарапынан кеткен талай олқылықтың бетін ашуға болады. Бұл әрине екі өте сақтықпен қарап, бәрін бір електен өткізіп отырғанның зияны жоқ деп ойлаймыз. Жалпы түркі халықтары арасындағы аударма мәселесін дұрыс жолға қою туралы Мұстафа Уғырлы: «Түркі халықтары арасындағы аудармалардың тез және сапалы жасалуы үшін аударма техникасын жақсы меңгеру керек. Бұл мәселеде түркі халықтарының өз ара салыстырмалы грамматикасын жасақтап, бәріне ортақ тілдік ерекшеліктерін айқындап, аударма әдістемелерін жетілдіруіміз керек. Қазіргі түркологияда мұндай іс-шаралар әлі күнге шейін қолға алынған жоқ» (8.76) - деген салмақты пікір айтады. Бұл қолдауға тұратын пікір деп ойлаймыз. Егер жалпы түркі

халықтарына ортақ аударма орталығы құрылса, рухани жағымыздан бір-бірімізге қазіргіден де әлдеқайда жақындай түскен болар едік. Сонда М.Әуезов сияқты әлемге әйгілі жазушылардың шығармалары туысқан тілдерге өз бойындағы барлық асыл қасиеттерін сақтап аударылған болар еді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Латышев Л. Теория и практика перевода
2. Абай. Энциклопедия. Алматы: "Қазақ энциклопедиясының" Бас редакциясы, Атамұра, 1995, 720б.
3. Aşa Emel. Muhtar Ömerhanoğlu Avezov ve "Abay Yolu" Romanının Tercümelere ile İlgili Bibliografik bilgiler. // Bilig. 5. Sayısı, Bahar, 1997.
4. [www.yesevi.edu.tr/bilig](http://www.yesevi.edu.tr/bilig)
5. Нарымбетов Ә. Мұхтар Әуезовты кудалаған кім? // Азат, 6 қазан, 2005.
6. Қабдолов З. Арна. Алматы: Жазушы, 1988.
7. Avezov Muhtar. Abay Yolu. Ankara: Bilig Yayınları, 1997.
8. Uğurlu Mustafa. Türk Lehçeleri Arasında Aktarma Meseleleri ve "Abayyolu" Romanı. // Bilig, 15. Sayı, Güz, 2000.
9. Әуезов М. Абай жолы. Алматы: Жазушы, Бірінші кітап, 1989.

## RESUME

Auezov Muhtar Omarhanovich – the great writer, known in many countries. Auezov was born on September 28, in 1897 in Chingiz volost (nowadays Abai region). The fruitfulness of Auezov's art was expressed in creation of a plenty of stories, narratives, plays, many of them are screened and came widely in theatrical repertoire. The completion of Auezov's creative researches was found in a novel-epopee "Abai's Path", consisting of four books. The first book is the youth of the future poet opening social contradictions and wakening in him the poetic talent, aspiration to serve through songs to the freedom and validity – the source of the beauty. M. Auezov's art heritage is extremely diverse and great. Besides works of art it includes numerous sketches, publicist articles, scientific researches. The great writer died in 1961. Auezov is the first collector, the composer and the editor of post revolutionary publications of Abai Kunanbaev's works, his first scientific biographer and the researcher of the creativity of the great Kazakh poet and thinker.